

## **2021 жылға арналған Теренқөл ауданының ұйымдарында пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасын белгілеу туралы**

Мерзімі біткен

Павлодар облысы Теренқөл ауданының әкімдігінің 2020 жылғы 3 қарашадағы № 295/1 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 2 желтоқсанда № 7054 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі Қылмыстық-атқару кодексінің 18-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексінің 18-бабы 7) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 9-бабы 7) тармақшасына, 27-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 26 мамырдағы "Ата-ана сынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-ана сынан қамқорлығының қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды, пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарын квоталау қағидаларын бекіту туралы" № 412 бұйрығына сәйкес Теренқөл ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес 2021 жылға арналған Теренқөл ауданының ұйымдарында пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін ұйымдық-құқықтық нысанына және меншік нысанына қарамастан жұмыс орындарының квотасы белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Теренқөл ауданы әкімінің орынбасары Р.К. Ыбыраевага жүктелсін.

3. Осы қаулы 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Теренқөл ауданының әкімі

E. Айткенов

Теренқөл ауданы әкімдігінің

2020 жылғы 3 қарашасы

№ 295/1 қаулысына

қосымша

**2021 жылға арналған Теренқөл ауданының  
ұйымдарында пробация қызметінің есебінде  
тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін  
жұмыс орындарының квотасы**

P/c №	Үйымдардың атаяу	Жұмыскерлердің тізімдік саны (адам)	Квота мөлшері (жұмыскерлердің тізімдік санынан %)	Пробация қызметінің есебінде түрган адамдарға арналған жұмыс орындарының саны (бірлік)
1	"Павлодар облысының жер қойнауын пайдалану, қоршаган орта және су ресурстары басқармасы" мемлекеттік мекемесінің "Максим-Горький орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі мекеме" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	78	1	1
2	"Агро-Даму" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	50	1	1
3	"Песчан жондеу-механикалық зауыты" Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	102	1	1

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК